

№1 «Еркетай» Алға бөбекжай балабақшасында өткізілген қамқоршылық кеңес
отырысының хаттамасы №3

Күні: 29.03.2024 ж

Қатысушылар: 7 адам

Күн тәртібінде:

1. Балабақша балаларының тамақтануын ұйымдастыру, сапасын бақылау.
2. Балабақшадағы балалардың қатысымы, науқастану мен сауықтыру жұмыстары

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, балабақша меңгерушісі Ш.Таженова кеңес мүшелеріне жұмыс мазмұнымен таныстырды. Балабақша тәрбиеленушілеріне азық-түлікті сатып алу туралы ақпарат жергілікті ақпарат құралдарына жарияланып, ақпарат интернет-ресурсқа салынды. Азық-түлікті сатып алу бойынша 2024 жылдың 12 айына жылдық жоспар құрылып, конкурстық құжаттар бекітілді.

Балабақшаға азық-түлік тасымалдаушылар:

ЖШС «Ысык-К», ЖШС «Онер и К», ЖШС «Нүроптторг-10» азық-түлік тасымалдаушылармен келісім-шарттар жасалды. Балабақша ас блогының бөлмесінде тамақ дайындауға қажетті ыдыс-аяқтың жеткілікті мөлшері бар, оны өңдеу нұсқауларға сәйкес раковинада қолмен жүзеге асырылады. Сонымен қатар, жуу және дезинфекциялау құралдары жеткілікті. Дайын өнімнің тәуліктік сынамасы екі тоңазытқышта сақталады. Тоңазытқышта өнімдердің жақындығы байқалады, сонымен қатар температура режимін сақтау үшін термометр бар. Кесетін тақталар, үстелдер мен пышақтар таңбаланған. Асхананың санитарлық-гигиеналық жағдайы қанағаттанарлық, ас блогының үй-жайын жинауға мүкәммал бар. 10 күндік ас мәзірі, бар меңгерушімен бекітілген Тамақты сақтау және дайындау үдерісіне және ас үйге деген санитарлық-Гигиеналық талаптарды қатаң түрде сақтау балалардың тамақтарын дұрыс ұйымдастыру үшін маңызды. Балабақшаға келіп түсетін барлық азық-түліктер санитарлық ережелерге сәйкес санитарлық-эпидемиологиялық қорытындылары бар.


Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақша медбикесі Жазбергенова Тәрбие Сатыбаевна баяндама жасады. «Балаларға айына 10 рет фито шәй беріледі, витамин «Ревит» «Аскорбин қышқылы» берілді. Балалардың күнделікті тамақтануына С дәрумені қосылып, журналға тіркелді. «Тұмаудың алдын алу ЖРВИ» «Қызылша» және оның алдын алу туралы әңгімелер өткізіліп топтарға парақшалар таратылды. Әр он күн сайын жоспар бойынша балалар тері ауруымен педикулезге тексеріліп журналға тіркелді. Балалардың күн тәртібі бақыланып, серуенге шығуы қадағаланды. Балабақшаның санитарлық жағдайы тексеріліп топтардың тазалығы қадағаланды, күнделікті дез.ертіндімен ауқымды жинау жұмыстары жүргізілді. «Тұмау мен ЖРВИ» кезінде оксалин майы жағылады, түстен кейін ұйқыдан ояңған соң балалар тәрбиеші бақылауымен аузын тұз ертіндісімен шаяды. Ай соңында балалардың қатысымы мен сырқаттануы көрсеткіштері бойынша мониторинг жасалынды. Барлық балалар саны - 270

соның яғни наурыздың 29шы жұлдызында келген бала саны - 208 ауырған бала саны - 28 демалыстағы бала саны - 11 себепсіз келмеген бала саны - 23. Топтардың ата-аналар бұрышына және ас блоктарында көрінетін жерде «Қызылша инфекциясының алдын алу» бойынша парақшалар таратылды. Топтардың ата-аналарымен «Қызылша инфекциясының алдын алу» тақырыбында әңгімелер өткізіп, кеңес берілді.

Қамқоршылық кеңесінің

төрағасы:

Хатшы:




Аметова Е.Д

Шаганова Н.С